



Басты бет / Заңнама / Заңнама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 11 маусымдағы № 125
Заңы.

← [Қайта оралу](#)

2018 жылғы 7 маусымда Бейжіңде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі **келісім** ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбаудағы өзара іс-қимыл жөніндегі келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі
ядролық және радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды, радиациялық-қауіпті заттарды кедендік бақылаудың Тараптардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қол қойылған міндеттемелерді орындау үшін мемлекеттік және бас

халықаралық міндеттемелерді орындау үшін маңызды мәні бар екеніне сенім білдіре отырып;

кедендік шекаралар арқылы ядролық және радиоактивті материалдарды заңсыз өткізу Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне елеулі қатер болып табылатынын назарға ала отырып;

ядролық материалдарды, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды, радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбау қажеттігін тани отырып;

төмендегілер туралы келісті.

1-бап

Терминдердің анықтамасы

Осы Келісімді іске асыру мақсатында мынадай терминдер пайдаланылады:

1. "ядролық материалдар" - плутоний-238 бойынша 80 %-дан асатын изотоптар шоғырланған плутонийді қоспағандағы плутоний, уран-233, уран-235-тің немесе уран-233-тің изотоптарымен байытылған уран; табиғатта кеннен немесе кен қалдықтарынан ерекшеленетін нысанда кездесетін изотоптар қоспасын қамтитын уран және жоғарыда аталған элементтердің бірін немесе одан көбін қамтитын кез келген материал; мұнда "уран-235-тің немесе уран-233-тің изотоптарымен байытылған уран" дегеніміз уран-235-тің немесе уран-233-тің изотоптарын қамтитын немесе осы изотоптар жиынтығынан артық пайызы уран-238 изотопымен салыстырғанда табиғатта кездесетін уран-238 изотопымен салыстырғандағы уран-235 изотопының пайызына қарағанда жоғары көлемде болатын екі изотопты да қамтитын уранды және бөлінетін (ыдырайтын) радионуклидтерді қамтитын немесе оларды жаңғырта алатын басқа да материалдарды білдіреді;

2. "радиоактивті материалдар" - иондаушы сәулеленуді шығаратын, ядролық материалдарға жатпайтын заттар;

3. "радиоактивті қалдықтар" - одан әрі пайдалануға жатпайтын материалдар мен заттар, сондай-ақ жабдықтар, бұйымдар және пайдаланылған радиоактивті заттар, радионуклидтерді қамтуы тиісті өлшемшарттарда, ұлттық нормаларда және қағидаларда белгіленген деңгейден асатын аппараттар мен құрылғылар;

4. "радиациялық-қауіпті заттар" - әртүрлі себептерге орай иондаушы сәулелену деңгейі жоғары болатын, оның ішінде радионуклидтермен ластанған және табиғи радионуклидтерден радиоактивтілікті қамтитын, радиациялық сипаттамалары радиациялық қауіпсіздік нормаларымен және санитариялық нормалармен белгіленген мәннен асатын жабдықтар және бұйымдар; радиациялық бақылаудың өзара танылған бірыңғай нормалары айқындалғанға дейін осы нормалар импорт елінде немесе сол арқылы транзит жүзеге асырылатын елде қолданылатын радиациялық қауіпсіздік нормалары мен санитариялық нормалар болып табылады;

5. "радиациялық бақылау" - заңсыз өткізілетін ядролық, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды анықтау мақсатында Тараптардың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға, көлік құралдарына, халықаралық пошта жөнелтілімдеріне, сондай-ақ өтетін жеке тұлғаларға және олар алып өтетін тауарларға қатысты Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары радиациялық

тараптар мемлекеттерінің кеден органдары радиациялық бақылаудың техникалық құралдарын қолдана отырып жүргізетін іс-шаралар кешені;

6. "табиғи радиациялық фон" - ғарыштық сәулеленуден және жерде, суда, ауада, биосфераның басқа да элементтерінде, тамақ өнімдерінде және адам организмінде табиғи түрде таралған табиғи радионуклидтердің сәулеленуінен болатын сәулелену дозасы;

7. "иондаушы сәулелену" - ортамен өзара жанасқан кезде әртүрлі белгіде иондарды түзетін қуатталған, қуатталмаған бөлшектерден және фотондардан тұратын сәулелену.

2-бап

Келісімнің мақсаты

Осы Келісімнің мақсаты:

Тараптардың ядролық, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды, радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбау мақсатында кедендік бақылау саласындағы ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету;

Тараптардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету;

Тараптар мемлекеттері азаматтарының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес әкелуге тыйым салынған ядролық, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды, радиациялық-қауіпті заттарды Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелуге жол бермеу болып табылады.

3-бап

Ынтымақтастық саласы

1. Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптар Қазақстан-Қытай кедендік шекарасы арқылы ядролық, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізуді болғызбау саласындағы өздерінің құзыреті және мүмкіндіктері шегінде ынтымақтасады.

2. Тараптар Қазақстан-Қытай кедендік шекарасындағы өткізу пункттерінде радиациялық бақылаудың қазіргі заманғы технологияларын және жабдықтарын енгізу мәселелері бойынша, сондай-ақ өзара мүддені білдіретін басқа да мәселелер бойынша ынтымақтасады.

3. Тараптар Қазақстан-Қытай кедендік шекарасы арқылы ядролық, радиоактивті материалдарды, радиоактивті қалдықтарды және радиациялық-қауіпті заттарды заңсыз өткізумен күрестегі ынтымақтастықты үйлестіру және оның тиімділігін арттыру мақсатында бірлескен оқуларды және оқыту семинарларын өзара уағдаластық бойынша өткізеді.

4-бап

Бақылау шаралары

1. Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында және халықаралық шарттарында белгіленген талаптар мен шарттар сақталған кезде ядролық және радиоактивті материалдарды Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумағына әкелуге (оның ішінде, транзит мақсатында әкелуге). Тараптар мемлекеттерінің кедендік